

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ
Қосымша білім беру факультеті

**2023-2025 жылдарға арналған «Академик Е.А. Бөкетов
атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ
«Күміс университет» бағдарламасының
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қарағанды қ., 2023 жыл

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Ересектердің «белсенді» және аман-сау қартаюын қамтамасыз ету ресурсы ретінде бейресми білім беру.....	4
2. Қазақстандағы ересектерді оқытудың ағымдағы жағдайын талдау	5
3. «Күміс университет»бағдарламасы.....	10
3.1. Негізгі ережелер	10
3.2. «Күміс университет» бағдарламасының негізгі мақсаты, мақсаттары мен міндеттері.....	11
3.3. «Күміс университет» бағдарламасы бойынша ересектерді оқытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері.....	12
4. 2023-2025 жылдарға арналған ересектерге білім берудің негізгі күтілетін нәтижелері мен нысаналы индикаторлары.....	14
1-қосымша. «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университет» туралы ережесі.....	15
2-қосымша. «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университетінің» 2023-2025 жылдарға арналған жұмыс жоспары	19
3-қосымша.Тыңдаушының өтініш нысаны	21

Кіріспе

Үздіксіз білім берудің «желісінде» ересектерге білім беру тұрақты өзгерістер жағдайында қолдаудың әлеуметтік-білім беру моделі ретінде, кәсіби тұрғыда дамудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау, әлеуметтік белсенділікті дамыту ретінде ерекше орын алады. Ересектерге білім беру өмірде әртүрлі салаларда өзін-өзі жүзеге асырудың екінші мүмкіндігін алудың, өмір сүру ұзақтығын арттырудың маңызды ресурсы болып саналады. Білімді ересек халық жас ұрпаққа үлгі бола алады.

Халықаралық тәжірибеде жоғары оқу орындарының аға буынды, үшінші жастағы адамдарды «күміс жастағы» қолдауын түсіну қалыптастырылған. Осылайша, ЖОО-лар адами капиталды дамытуға, тұтастай алғанда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатысушылар бойынша өздерінің үшінші миссиясын орындайды.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бүкіл өмір бойы оқытуды дамыту стратегиясын іске асыру аясында елдегі ұйымдардың жалпы санынан 2023 жылғы 25%-дан 2029 жылы 60%-ға дейін «Күміс университет» ашқан жоғары оқу орындарының санын жыл сайын ұлғайту жоспарланған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында «Күміс университеттер» моделін дамыту үшін оқу-әдістемелік құралдарды, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету курстары мен тетіктерін және курстарды сүйемелдеу бағдарламаларын – ересектерге арналған білім беру алаңдарын әзірлеу көзделген.

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-ның 2023-2029 жылдарға арналған даму жоспарында «инновациялық мәдениетті дамытуға, әлеуметтік ортаны өзгертуге жәрдемдесуге, қоғамдық дамудың заманауи модельдерін іске асыруға» ЖОО-ның қатысуына бағытталған қызмет көзделген. Қарағанды университетінде «Күміс университет» құру ересек халыққа қосымша ағартушылық және білім беру қызметтерін ұсыну жөніндегі миссия тұрғысынан өзекті.

2023-2025 жылдарға арналған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университет» бағдарламасының тұжырымдамасы, *біріншіден*, Қарағанды ересектерге бейресми білім беру университетінде одан әрі дамуды өзектендіреді, *екіншіден*, ересектерге білім берудің қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды, *үшіншіден*, Қарағанды университетінің факультеттері тыңдаушыларды оқыту мазмұнын іріктеу мақсатында «Күміс университет» бағдарламасы бойынша ересектерге бейресми білім берудің күтілетін нәтижелерін сипаттайды.

1. Ересектердің «белсенді» және аман-сау қартаюын қамтамасыз ету ресурсы ретінде бейресми білім беру

Шетелдік зерттеулердің деректері әлемнің дамыған елдерінің халқының «қартайып бара жатқанын» көрсетеді, яғни адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы артуда. Қазіргі уақытта еуропалықтардың 18%-дан астамын 65 жастан асқан және одан жоғары адамдар құрайды (92 миллионнан астам адам). 2060 жылға қарай Еуропадағы зейнеткерлердің үлесі 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі сияқты болады деп күтілуде.

Қазіргі «аға буын» өзінің танымдық және әлеуметтік белсенділігін жоғалтпайды. Осы контингенттің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру міндетін шешу қоғам үшін де, халықтың осы санаты үшін де өзекті болып табылады. Бұл процесс ересек халықтың өміріне қымбат емес және экономикалық тұрғыдан тиімді араласумен қарастырылады.

Оқытуды жалғастыру арқылы аман-сау немесе «белсенді» қартаюды қолдау модельдерін іздеу жүргізілуде. Еуроодақ елдері білім министрлерінің 39-шы конференциясында (Бельгия, 2009 ж.) үздіксіз білім берумен, оның ішінде халықтың әртүрлі жас санаттарымен қамтуды айтарлықтай кеңейту, оқытуда тұлғаға бағдарланған тәсілді пайдалану қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Еуропа елдерінде ересектерге білім беру адам өмір бойы жүзеге асыратын білім беру қызметінің барлық түрлерін қамтитын үздіксіз білім беру тұжырымдамасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады (*lifelong learning* – өмір бойы білім алу, *lifewide learning* – өмірлік білім беру). Бұл процесте адам еңбек нарығының жеке, азаматтық, қоғамдық қажеттіліктерін және (немесе) сұраныстарын қанағаттандыру үшін білімін, дағдылары мен құзыреттерін үздіксіз жетілдіреді.

2001 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде үздіксіз білім беру (ҮБ) 2010-2020 жылдарға арналған 10 басымдықтың қатарына енгізілді. Ағылшын тілді *continuing education* және *adult education* терминдерімен белгілі бейресми білім берудің екі үйреншікті нысаны қарастырылады.

Бірінші нысан негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларының шегінен тыс үздіксіз кәсіби білім берудің институционализацияланған нысаны ретінде түсініледі. Екінші нысан барлық жерде «ересектерге білім беру» деп түсіндіріледі.

Шетелдік тәжірибеде үздіксіз білім беру дағдарысты табысты шешудің бір тәсілі ретінде адамның жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуі және жастық шақтың кейбір сипаттамаларын сақтау мен жаңғыртудың әлеуметтік тетігі арқылы қарастырылады. Білімді толықтырып қана қоймай, рухани, ақыл-ой икемділігіне, жаңа кәсіби дүниетанымға ие болу қажет.

Ересектерге бейресми білім беруді іске асырудың халықаралық тәжірибесі «алтын жас» үшін білім беру азаматтардың лайықты және белсенді ұзақ өмір сүруінің маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Экономика жоғары мектебінің зерттеулеріне сәйкес, соңғы бес жылда бейресми білім беру (біліктілікті арттыру курстары, бизнес-мектептер және т.б., күндізгі және онлайн) арқылы өз бетінше оқуын жалғастырып жатқан ересек ресейліктердің үлесі 21-ден 37-ге дейін пайызға артты.

Практикалық тұрғыдан алғанда «Ашық университет» (Ресей) құрылымы арқылы ересектерге бейресми білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі қызықты. Университетті өңірдегі ғылым, мәдениет, ағарту орталығы ретінде қарастыра отырып, білім беру мазмұны ағартушылық (тарих, әдебиет, музыка, бейнелеу өнері және т.б.), сондай-ақ оқытушы (компьютерлік техниканы пайдалану дағдыларын меңгеру, шет тілдерін үйрену) сипаттағы курстармен толығады.

Жалпы, ересектерге бейресми білім беру тұжырымдамасын іске асыру өңірде және одан тыс жерлерде жоғары оқу орнының имиджін арттыру, университетке әлеуетті студенттерді тарту міндетін шешеді.

2. Қазақстандағы ересектерді оқытудың ағымдағы жағдайын талдау

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында отандық жоғары білім беру жүйесін жаңғырту «оның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын түйінді элементтерге назар аудара отырып, трансформациялаудың кезекті кезеңі» ретінде айқындалған.

Және 2029 жылға дейін жоғары білімді дамыту саясатының негізгі элементтерінің бірі «ел халқын ресми және бейресми біліммен қамтуды» қамтамасыз ететін үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуі қарастырылады.

Бұл тезистің өзектілігі мен болашағы әлемде адамның белсенді экономикалық қызмет кезеңінің 35-40 жастан 50-65 жасқа дейін байқалуымен байланысты. Еңбек нарығында үйреншікті кәсіптер жоғалып, жаңалары пайда болады. Тек базалық білімнің болуы азаматқа еңбек мансабының ұзақтығын қамтамасыз етпейтіні анық.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстанда үздіксіз білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына мынадай ұстанымдар жатады:

1) бейресми білім беру бағдарламаларында академиялық кредиттерді жинақтау арқылы азаматтарға ресми білім алуға мүмкіндік беру;

2) бейресми білім беру секторында техникалық дағдыларды оқытудың ересек бағдарламаларын дамыту;

3) ересектердің еңбек нарығына шығуы үшін бейресми білім беру нәтижелерін тану тетігін құру.

БҰҰ статистикасында халықтың жасы мен еңбекке қабілеттілігі бойынша құрылған ірілендірілген топтары анықталды <http://surl.li/hyjoy>:

- ересек еңбекке қабілетті халық – 15 жастан 65 жасқа дейін;
- қарт еңбекке жарамсыз халық – 65 жастан асқан.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясат аясында ересек еңбекке қабілетті халыққа үздіксіз білім беру саясатын (*adulthood education*) іске асырудың екі негізгі бағытын ресмиден бастап өздерінің білім беру мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын бейресми нысандар мен түрлер жиынтығына дейін оқытудың үздіксіз процестерінің жиынтығы ретінде тұжырымдауға болады.

Бірінші бағыт – кәсіби білімі жоқ адамдар үшін техникалық және кәсіптік білім бойынша кадрлар даярлау. Осылайша, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеке оқыту траекториясы негізінде жұмыссыздар мен аз қамтылған немесе көп балалы отбасы мүшелеріне кәсіптік білім беру жүзеге асырылды.

Бүгінде әңгіме өмір бойы алынған оқыту нәтижелерін валидациялау үшін бейресми білім беру нәтижелерін тану тетігін құру, сондай-ақ оқыту жетістіктерін тану және растау үшін кредиттер мен кредиттік емес оқытудың жинақтау жүйесін (банкін) енгізу туралы болып отыр.

Екінші бағыт – Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айтылғандай, «интеллектуалды, құрылымдалған ойлауды, бейімделу және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттілігін дамытуға, танысу шеңберін, әлем туралы мүмкіндіктер мен түсініктерді кеңейтуге, психологиялық денсаулықты жақсартуға» бағытталған ересектерге арналған бағдарламалар. Бұдан әрі құжатта атап өтілгендей, қазіргі уақытта Қазақстанның 72 ЖОО «Күміс университет» бағдарламасын «құрылымдық бөлімшелер құру, егде жастағы адамдарды оқыту процесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту» арқылы жүзеге асыруда. «ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде авторлық курстар әзірленіп, оқу-әдістемелік құралдар дайындалды. Тыңдаушылардың жалпы саны шамамен 2000 адамды құрайды. Халықтың қызметтер спектріне және бейресми білім беру сапасына қанағаттану дәрежесі 2022 жылы 48% құрады».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының 2022 жылға арналған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында өмір бойы білім беруді іске асыру мониторингінің талдамалық анықтамасына (1-блок 4-тармақ) (бұдан әрі – Талдамалық анықтама) сәйкес Қазақстан ЖЖОКБҰ-да өмір бойы білім беру (Үздіксіз білім беру) бейресми оқыту және күміс білім беру арқылы іске асырылады <http://surl.li/idzpz>.

Күміс университет «әртүрлі бағдарламалар бойынша ағартушылық және оқу курстарын ұйымдастыруды қамтитын егде жастағы азаматтардың жұмыс істеу нысаны ретінде қарастырылады. Бұл нысан егде жастағы азаматтардың («күміс жастағы» ұрпақ немесе 50+ ұрпақ) ішкі мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ашу бойынша қызметтерді алуға жәрдемдесуді көздейтін әлеуметтік қызмет көрсетуді білдіреді.

Жоғары оқу орындарының деректеріне сәйкес, көбінесе «күміс университеттер цифрлық сауаттылық пен ақпараттық технологиялар негіздеріне қатысты білім беру бағдарламаларын ұсынады; қаржылық және

құқықтық сауаттылық жөніндегі курстар; шығармашылық қабілетін дамыту үшін; шет тілдерін үйрену; егде жастағы салауатты өмір салты; емдік дене шынықтыру курстары; егде жастағы қарым-қатынас психологиясы; тарихты зерделеу курстары» <http://surl.li/idzzp>.

2022 жылғы жағдай бойынша білім алушылардың жалпы саны 2 087 адамды құрады, оның ішінде 50 жастан асқан 866 адам, 60 жастан асқан 715 адам. Күміс білім беру аясына тартылған ПОҚ саны 351 адамды құрады.

«Күміс университеттің» мазмұнын анықтау бойынша зерттеу материалдары ретінде еліміздің жоғары оқу орындарының 8 сайтының контенті қаралды.

Мәселен, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық зерттеу университеті IT-бағдарламалар, тілдік курстар, сауықтыру бағдарламалары арқылы қарт адамдарға арналған «Күміс университет» мазмұнын жүзеге асырады. Құқық, тарих, мәдениеттану және өнертану зерттеледі <https://clck.ru/34gXSD>.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Күміс университет» миссиясын «жаңа желіге бағытталған қоғамда және Smart-кеңістіктерде егде жастағы адамдардың кейінгі өмірдегі мағыналы және белсенді әлеуметтік контекстпен байланысын қолдау» арқылы жүзеге асырады. Ол үшін келесі курстар жүзеге асырылады: ауызекі корей, Қытайтілі, Туризмге арналған қытай тілі, Журналистика (қазақ журналистикасының тарихы, Радиожурналистика, Фотожурналист шеберлігі), Философия және саясаттану (Философия, Мәдениеттану, Саясаттану, Әлеуметтану, Жоғары мектеп педагогикасы, қазақ тіліндегі психология, Мәдениеттану, Жоғары мектеп педагогикасы) <https://clck.ru/34gXEN>

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанындағы күміс университеті 65 жастан асқан адамдарға олардың белсенді ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында 5 бағдарлама ұсынады: денсаулық және қауіпсіздік (салауатты өмір салты, емдік дене шынықтыру, массаж, тамақтану мәдениеті); Психикалық денсаулық негіздері (Жеке даму психологиясы, балалармен және немерелермен қарым-қатынас); Арттерапия (бейнелеу өнер, музыкалық демалыс); цифрлық сауаттылық (компьютерлермен және смартфондармен жұмыс, интернет желісіндегі қауіпсіздік); Лингво (Шет тілдері, әлемдік мәдениет) <https://clck.ru/34gXW4>.

Alikhan Bokeikhan University-нің «Күміс университет» бағдарламаларының ішінде: Цифрлық сауаттылық, Құқықтық сауаттылық, Экономикалық сауаттылық, English for travelling, Скандинавиялық серуендеу, Психотерапия және Арттерапия <https://clck.ru/34gXJx>.

Қазтұтыну одағы Қарағанды университетінің «Күміс университеті» курстарының бағдарламалары егде жастағы адамдардың қазіргі өмірге сәтті бейімделуі үшін, өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған: Цифрлық сауаттылық, Эмоционалдық интеллект; Денсаулықты қалай сақтау және жақсарту; Құқық қорғау органдарының қызметінде адам құқықтарын қамтамасыз ету; Тайм-

менеджмент, Электрондық бизнес, Коммуникативтік құзыреттілік, Ісін жаңа бастаған кәсіпкер <https://clck.ru/34gXBM>.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Күміс университет» бағдарламасы бойынша зейнеткерлікке дейінгі және зейнеткерлік жастағы адамдарды оқытудың мынадай курстарын ұйымдастырады: Практикалық психология, Дизайн, Көркем еңбек, Сәндік-қолданбалы өнер, Компьютерлік графика, Компьютер операторы, Еңбек технологиясы, Іс қағаздарын жүргізу, Массаж <https://clck.ru/34gX7Y>.

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Күміс университетінің» мазмұны 60 жастағы адамдарға арналған мынадай жалпы дамыту және шығармашылық бағдарламалармен ұсынылған: Денсаулық және қауіпсіздік, Күміс жастағы салауатты өмір салты жүйесі, Емдік дене шынықтыру, Цифрлық сауаттылық, Компьютерлермен және смартфондармен жұмыс, Интернет желісіндегі қауіпсіздік, Арттерапия, бейнелеу өнері, Музыкалық бос уақыт, Тілдік курстар <https://ido.ppu.edu.kz/ru/silver-university>.

Қарағанды индустриалды университетінің ақпараты бойынша Компьютерлік сауаттылық, Қаржылық сауаттылық, Шахмат, Кәсіпкерлік негіздері курстары жүзеге асырылуда <https://clck.ru/34gXQf>.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазіргі уақытта әлеуметтік дағдыларды дамытудың, ересек қарағандылықтардың өмірін жақсартудың мынадай нысандарын іске асыруда: «Кел, қазақшасөйлейік!» әлеуметтік желілер және TikTok «икемді құзыреттіліктің» 50+» құралы ретінде, «Қызметті ұйымдастыру тәсілдеріне мінездің жеке ерекшеліктерінің әсері» семинарлар сериясын ұйымдастыру.

Талдамалық анықтамаға сәйкес бейресми, күміс білім беруді іске асыру проблемаларына мынадай факторлар жатады <http://surl.li/idzpzp>:

- «топтардың жиынтығы, себебі курстардың құны күміс жастағы адамдарды өз қаражаты есебінен төлеуге ынталандыруға ықпал етпейді;
- жас аудиториясының төмен қызығушылығы;
- бей ресми оқытуды жүзеге асырудың төмен тәжірибесі;
- техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі, ақпараттық технологиялар саласындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі;
- халықтың әлсіз қызығушылығы;
- өңірлерде интернетке тұрақты қолжетімділіктің болмауы;
- халықтың әлеуметтік осал топтары үшін электрондық құралдардың қолжетімсіздігі».

Талдамалық анықтамада бейресми, күміс білім беруді іске асыру проблемаларына бағдарламаларды қаржыландырудың жетіспеушілігі дежатқызылады. Отандық жоғары оқу орындары ересектерді оқыту бағдарламаларын өз қаражаты есебінен әзірлейді және іске асырады. Жекелеген жағдайларда әріптес ұйымдар тартылады.

Талдамалық анықтамада Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына бейресми, күміс білім

беруді іске асыруды жақсарту бойынша мынадай ұсыныстар тұжырымдалған:

– мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды тарту;

– жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы үшін андрагогика қағидаттарын ескере отырып, ересектерге білім беруді ұйымдастыруға педагогтерді даярлау шарты ретінде семинарлар, біліктілікті арттыру курстарын өткізу;

– Профессорлық-оқытушылық құрамның уәждемесін арттыру, бейресми білім беру бағдарламаларын ПОҚ жалпы педагогикалық жүктемесіне енгізу.

Қазіргі уақытта Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарында іске асырылатын «Күміс университет» мазмұнының контентіне жүргізілген талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Санат бойынша. «Күміс университетте» «білім алушылар/тыңдаушылар» санатының бірыңғай түсінігі жоқ. Осылайша, ЖОО-лардың ұсынылып отырған бағдарламалары «қарттарды», сондай-ақ «еңбекке қабілетті жастағы» адамдарды, «зейнеткерлік және зейнеткерлік жас алдындағы», «егде жастағы адамдарды» қолдауға бағытталған.

2. Мақсат бойынша. Жоғары оқу орындары іске асыратын «Күміс университеттің» мазмұны «белсенді ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етуге», «егде жастағы адамдарды қазіргі өмірде табысты бейімдеуге», «ересек тұлғаның өздігінен білім алуы мен өзін-өзі жетілдіруіне», «коммуникативтік дағдыларды дамытуға», «ой-өрісін кеңейтуге» және т.б. бағытталған.

3. Нысан бойынша. Жоғары оқу орындары мәлімдеген «Күміс университеттерге» қол жеткізу қатысушылар санаты мен мақсатын ескере отырып, ұзақтығы мен мазмұны бойынша әртүрлі курстардың бағдарламалары арқылы іске асырылады.

Қазақстанда Күміс университеттің бейресми білім беру моделіндегі орнын түсінуге, Күміс университеттер қызметінің миссиясын, мақсатын айқындауға бірыңғай тәсілдердің болмауы Күміс университетінің бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарының жалпы санының әртүрлі оқылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Мәселен, Даму тұжырымдамасында «қазіргі таңда Қазақстанның 72 жоғары оқу орны» Күміс университет «бағдарламасын жүзеге асыруда», ал Болон орталығының талдамалық есебінде «күміс білім беру 28 ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылды» деп көрсетілген.

Қазіргі заманғы университет үздіксіз білім беру парадигмасын, үшінші – ЖОО-ға жауапкершілікті мемлекетпен бөлісуге және өңірде адами әлеуетті дамытуда әріптестің рөлін өзіне алуға арналған университеттердің әлеуметтік миссиясын іске асыру ресурсы болып табылады.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында 2029 жылға дейін үздіксіз білім беру жүйесін дамытудың үш бағыты айқындалды:

– ересектерді оқыту бағдарламаларын мемлекеттің тікелей қаржыландыруы;

- үздіксіз білім беру жүйесін құру;
- Білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде алынған оқыту нәтижелерін және тану.

3. «Күміс университет» бағдарламасы

3.1. Негізгі ережелер

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы «Күміс университет» бағдарламасын (бұдан әрі – Күміс университет) әзірлеуге негіз болып табылады.

«Күміс университет» ұлттық жоба бола отырып, егде жастағы адамдарды белсенді өмірлік ұстанымға және одан әрі өзін-өзі іске асыруға оқытуға және ынталандыруға бағытталған.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Күміс университет» бағдарламасы – бұл 60 + жастағы ересек еңбекке қабілетті азаматтарға бейресми білім берудің мазмұны мен тәсілдерін кеңейтуге бағытталған оқу-әдістемелік іс-шаралар жүйесі.

«Күміс университет» бағдарламасын іске асырудың үйлестірушісі академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қосымша білім беру факультеті (бұдан әрі – ҚББФ) болып табылады.

«Күміс университет» бағдарламасының бірлескен орындаушылары – академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің факультеттері.

«Күміс университет» бағдарламасының іске асырылуын бақылауды Басқарма мүшесі – академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің стратегиялық даму жөніндегі проректоры жүзеге асырады.

«Күміс университет» қызметін ұйымдастыру «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ басқармасы бекітетін «Күміс университет» бағдарламасы туралы ережемен регламенттеледі (1-қосымша).

3.2 «Күміс университет» бағдарламасының негізгі мақсаты, мақсаттары мен міндеттері

«Күміс университет» бағдарламасының мақсаты – әлеуметтік, кәсіптік, жартылай кәсіби, әуесқойлық дағдылар мен біліктерді меңгеру бойынша оқыту арқылы олардың өмір сүру сапасын және әлеуметтік белсенділігін арттыру, дене және рухани денсаулығын нығайту мақсатында 60+ жастағы азаматтарға бейресми білім беруді ұйымдастыру.

«Күміс университет» бағдарламасының мақсаты:

1-мақсаттылық. Жаңа білім алу.

Оқыту тыңдаушының қызығушылығы немесе кәсіби қызметі саласында жаңа білім мен ақпарат алуға бағытталған.

Оқыту мазмұны қызығушылық немесе кәсіби қызмет саласындағы тұжырымдамаларды, теорияларды, әдіснамаларды немесе өзекті үрдістерді тереңдете түсінуді қамтуы мүмкін.

2-мақсаттылық. Дағдылар мен құзыреттерді дамыту.

Оқыту тыңдаушы нақты өмірде немесе жұмыс орнында қолдануы мүмкін практикалық дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Оқыту мазмұны тыңдаушылардың кәсіби дағдыларын, коммуникациялық дағдыларын, басқару дағдыларын, сыни ойлауды, проблемалық шешуді және басқа да түйінді дағдыларды дамытуды қамтуы мүмкін.

3-мақсаттылық. Кәсіби өсу және мансаптық мүмкіндіктер.

Оқыту кәсіби өсуге және мансаптық мүмкіндіктерді жақсартуға бағытталған.

Оқыту мазмұны жаңа біліктілікті, құзыреттілік деңгейін арттыруды қамтуы мүмкін, бұл тыңдаушыларға мансапты дамытуға мүмкіндік береді.

4-мақсаттылық. Тұлғалық өсу және даму.

Оқыту тұлғалық өсуге және дамуға бағытталған.

Оқыту мазмұны өзін-өзі тануды, өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі көрсетуді дамытуды, сондай-ақ өзіне деген сенімділік пен мотивацияны арттыруды қамтуы мүмкін. Білім беру тыңдаушыларға өз әлеуетін ашуға және жеке мақсаттарына жетуге көмектеседі.

5-мақсаттылық. Дүниенің ой-өрісі мен түсінігін кеңейту.

Оқыту жалпы әлемді түсіну мен ой-өрісін кеңейтуге бағытталған.

Оқыту мазмұны әртүрлі салалар, мәдениеттер, идеялар мен перспективалар туралы жаңа білімдерді қамтуы мүмкін. Білім беру тыңдаушыларға аса толерантты азаматтар болуға көмектеседі.

Оқытудың мазмұны жоғарыда көрсетілген 5 мақсаттылыққа сәйкес ұйымдастырылады.

«Күміс университет» бағдарламасының 5 мақсаттылыққа қол жеткізудің жоспарланған нысандары: курстар, семинарлар, ұзақтығы 8-ден 72 сағатқа дейінгі онлайн және офлайн форматтағы жаппай ашық онлайн курстар.

«Күміс университет» бағдарламасының міндеттері:

1. «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру үшін әдістемелік көмек көрсету, материалдық және материалдық емес ресурстарды ұсыну бойынша Қарағанды университеті бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың, серіктес ұйымдардың өзара іс-қимылы жөніндегі шаралар жүйесін құру.

2. Ересектерге арналған бейресми білім беру курстарының/семинарларының өзекті бағдарламаларын әртараптандыруды қамтамасыз ету.

3. Ересектерге бейресми білім беру мазмұнын іріктеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін негіздеу.

4. Ересектерге бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын Қарағанды университетінің профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру.

5. Мемлекеттік бюджеттен ересектерге бейресми білім беруді қаржыландырудың қосымша көздерін, өзге де көздерді іздеу және тарту.

Қазақстан Республикасының жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында Қарағанды университетінің «Күміс университет» бағдарламасын жобалаудың мынадай екі міндеті айқындалды:

6. Бейресми білім беру бағдарламаларында академиялық кредиттерді жинақтау арқылы азаматтардың ресми білімге қол жеткізу мүмкіндіктерін іздеуге қатысу.

7. Ересектерге бейресми білім беру секторында техникалық, IT-дағдыларды оқыту бағдарламаларын дамыту.

3.3 «Күміс университет» бағдарламасы бойынша ересектерді оқытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

«Күміс университеттің» мазмұнын жобалау ересектердің білімі туралы андрагогика - ғылым анықтаған қағидаттарға негізделді.

Ересектерді оқытуды ұйымдастырудың негізгі қағидаты білім беру процесінде ересек білім алушының белсенділігі кәсіпқойлықты дамытуға ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге бағытталғанын түсіну болып табылады. Бұл білім берудің жоғары жалпы мәдени компонентімен қамтамасыз етіледі, бұл ретте ересек білім алушылар әлем мен өздерін өзгерту жағдайында бейімделуге және дамуға, тиімді коммуникацияны жүзеге асыруға ресурстар алады. Соңғысы ересектерге әлеуметтік және психологиялық тұрақтылық сезімін қамтамасыз етеді.

Ересектерге білім беруді ұйымдастыру кезінде «Күміс университетінде» американдық педагог, ересектерге білім беру мәселелерін зерттеуші Малколм Шепард Ноулз тұжырымдаған идеялардың негізінде мынадай тәсілдер ескеріледі:

1. Ересек адамның үйренуге, өз тұлғасын дамытуға және жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруге ынтасы жоғары. Оқыту мазмұны әртүрлі

нысанда және ұзақтықта іске асырылуы тиіс. Қоғамдастықты белсенді тарту қажет.

2. Ересек адам дереу, шұғыл түрде практикада қолдануға болатын нәтижелерге мұқтаж. Оқытушы артық теориясыз оқытудың тәжірибеге бағытталған мазмұнын ұйымдастырады.

3. Ересек адам маңызды өмірлік мәселені шешу және нақты мақсатқа жету үшін оқиды. Оқытушы білім алушыны даярлау деңгейімен анықталған өмірде орын алған қиындықтарды анықтауға көмектеседі. Оқыту процесінде ересек адам жетекші рөлге ие.

4. Ересек адамның тұрмыстық, әлеуметтік және кәсіби тәжірибесі өзінің де, әріптестерінің де маңызды білім көзі болып табылады. Оқытушы білім алушының өмірлік тәжірибесін ескереді және оны пікірталастар, рөлдік ойындар, оқу жағдайларын талдау кезінде пайдаланады.

5. Ересек адамның оқу іс-әрекетінің тиімділігі көбінесе уақытша, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіби, әлеуметтік факторлармен анықталады. Оқытушы оқытудың мазмұны мен нысандарын іріктеу кезінде осы факторларға байланысты мүмкіндіктер мен шектеулерді ескереді.

Қарағанды университетінің «Күміс университетінде» ересек білім алушыны оқыту процесін жоспарлау, іске асыру, бағалау және ықтимал түзету бойынша оқытушымен бірлескен қызметке тарту қажеттілігін түсіну құнды болып табылады.

«Күміс университетінде» оқыту бағдарламалары Қарағанды өңірінің әлеуметтік өмірінің барлық салаларында қарқынды және нәтижелі қатысу іскерлігін қалыптастырады.

Оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру кезінде белгілі бір зияткерлік тілектер мен қоғам қарт адамның алдына қоятын талаптар ескеріледі. Жалпы, «Күміс университетте» оқу ересектердің өмір сүру сапасы мен ұзақтығын жақсартуға бағытталған.

4. 2023-2025 жылдарға арналған ересектерге білім берудің негізгі күтілетін нәтижелері мен нысаналы индикаторлары

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2023-2025 жылдарға арналған ересектерге білім берудің күтілетін нәтижелері:

1. Ересектерге 60+ курстарда білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру.
2. Ересектерге білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру 60+ семинарларда.
3. Ересектерге арналған жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу 60+.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2023-2025 жылдарға арналған ересектерге білім берудің нысаналы индикаторлары:

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірліктері	Жоспарлы кезеңде		
			2023	2024	2025
1.	Курстарда ересектерге білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны 60+	бірл.	20	50	100
2.	Семинарларда ересектерге білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны 60+	бірл.	20	50	100
3.	Ересектерге арналған жаппай ашық онлайн курстардың тыңдаушылар саны 60+	бірл.	-	20	40

Мәлімделген негізгі күтілетін нәтижелерге және ересектерге арналған бейресми білім беру индикаторларына қол жеткізу үшін 2023-2025 жылдарға арналған «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру жоспары ұйымдастырылады.

Жұмыстың негізгі бағыттары нормативтік-ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ақпараттық (2-қосымша) қарастырылады.

Қоғамдық және ғылыми білімнің дамуымен ересектерге бейресми білім беру мазмұнының ұсынылған көрінісіне, оның ішінде – Күміс университет ұйымына өзгерістер енгізілетін болады.

Бекітемін
Басқарма төрағасы – «Академик
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті» КеАҚ ректоры
_____ Н.О. Дулатбеков
« _____ » _____ 2023 ж.

**«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ
«Күміс университет» бағдарламасы туралы ереже**

1. Негізгі ережелер

1. «Күміс университет» ұлттық жоба бола отырып, 60 + жастағы адамдарды бейресми білім беру бағдарламалары арқылы белсенді өмірлік ұстанымға және одан әрі өзін-өзі іске асыруға оқытуға және ынталандыруға бағытталған.

2. Осы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университет» бағдарламасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ басқармасы бекіткен 2023-2025 жылдарға арналған «Күміс университет» бағдарламасының тұжырымдамасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Университет).

3. Ереже ересек тұлғаларды Университетте бейресми білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

4. Ереже ересек тұлғаларды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын Университеттің барлық бөлімшелеріне арналған.

5. Ережені пайдалану кезінде мынадай тұжырымдамалық, нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңымен (03.05.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

**2. «Күміс университет» бағдарламасының
мақсаты мен міндеттері**

6. «Күміс университет» бағдарламасының мақсаты - әлеуметтік, кәсіптік, жартылай кәсіби, әуесқойлық дағдылар мен біліктерді меңгеру бойынша оқыту арқылы олардың өмір сүру сапасын және әлеуметтік белсенділігін арттыру, дене және рухани денсаулығын нығайту мақсатында 60 + жастағы азаматтарға бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыру.

7. «Күміс университет» бағдарламасының негізгі міндеттері:

1. Ересектерге бейресми білім берудің өзекті мазмұнын қамтамасыз ету.

2. Ересектерге бейресми білім беру мазмұнын іске асыруға университеттің білікті профессорлық-оқытушылық құрамын тарту.

3. Ересектерге бейресми білім беру бағдарламаларын кеңейту мақсатында университеттің жергілікті атқарушы органдармен, серіктес ұйымдармен өзара іс-қимылын кеңейту.

2. «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру

8. «Күміс университет» бағдарламасын университеттің стратегиялық даму жөніндегі проректорының ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығымен тағайындалатын «Күміс университет» бағдарламасының басшысы басқарады.

9. «Күміс университет» бағдарламасының басшысы:

– университеттің факультеттерімен бірлесіп «Күміс университет» бағдарламасының анықтайды;

– «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру жоспарын орындауға қатысады;

– «Күміс университет» бағдарламасы мәселелері бойынша Университеттің алқалы органдарының жұмысына қатысады;

– жергілікті атқарушы органдармен, әріптес ұйымдармен, оның ішінде нақты сектордың компанияларымен өзара іс-қимылға жәрдемдеседі;

– «Күміс университет» бағдарламасын қаржыландырудың қосымша көздерін іздеу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

– университетті жергілікті атқарушы органдармен, ересектерге білім беру мәселелері бойынша әріптес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде көрсетеді;

– «Күміс университет» бағдарламасының кеңесін құрады, 12 адамға дейін;

– халық арасында «Күміс университет» бағдарламасы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады.

10. «Күміс университет» бағдарламасының кеңесі:

– «Күміс университет» бағдарламасы туралы халықты хабардар ету;

– «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру үшін материалдық және материалдық емес ресурстарды ұсыну бойынша жергілікті атқарушы органдармен, әріптес ұйымдармен, оның ішінде нақты сектордың компанияларымен өзара іс-қимыл жасайды;

– ересектерге бейресми білім беру курстарының/семинарларының өзекті бағдарламаларын әртараптандыру;

– мемлекеттік бюджеттен, өзге де көздерден ересектерге бейресми білім беруді қаржыландыруды іздеу.

11. Университеттің «Күміс университеті» қызметі нормативтік-ұйымдастыру, оқу-әдістемелік және ақпараттық бағыттар бойынша «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университет» КеАҚ «Күміс университет» бағдарламасын іске асыру жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жоспарды Университеттің стратегиялық даму жөніндегі проректоры бекітеді.

13. Жоспарды іске асыру үйлестірушісі университеттің қосымша білім беру факультеті (бұдан әрі – ҚББФ) болып табылады.

14. Жоспардың негізгі орындаушылары университет факультеттері болып табылады.

15. 60+ жастағы тұлғаларды оқытудың мазмұны курстар, семинарлар арқылы онлайн немесе офлайн форматта, сондай-ақ жаппай ашық онлайн курстар арқылы жүзеге асырылады.

2. «Күміс университет» бағдарламасы бойынша қызметтер көрсету тәртібі

16. «Күміс университет» бағдарламасына 60+ жастағы тұлғалар (бұдан әрі – Тыңдаушы) бағдарламаның атауын көрсете отырып, жеке жазбаша өтініш негізінде қабылданады (3-қосымша).

17. Тыңдаушылар тобы 15 адамнан аспайды.

«Күміс университет» бағдарламасына қабылдау Университет ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

18. Тыңдаушы бірнеше оқу бағдарламасына қатыса алады.

Тыңдаушылардың курстарға, семинарларға қатысуы «Күміс университеттегі» сабақтарға қатысуды есепке алу журналында тіркеледі.

19. «Күміс университет» бағдарламаларын тыңдаушының өз қалауы бойынша немесе денсаулық жағдайы бойынша оқудан шығарылуға құқығы бар.

20. «Күміс университет» бағдарламалары бойынша оқыту қызметтері тегін ұсынылады.

21. «Күміс университет» бағдарламаларын іске асыруға ҚББФ әдіскерлері, факультеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы, Университет бөлімшелерінің мамандары, сондай-ақ келісім бойынша әріптес ұйымдардың қызметкерлері қатысады.

22. ҚББФ «Күміс университеттің» қызметі туралы есептік және есептік құжаттаманы жүргізеді.

23. «Күміс университетте» оқу жылы – 1 қыркүйектен - 1 маусымға дейін.

Бір оқу курсының ұзақтығы 8-ден 72 сағатқа дейін.

Сабақтар кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Сабақ кестесін ҚББФ әдіскерлері тыңдаушылардың тілектеріне сәйкес жасайды және оны ҚББФ деканы бекітеді.

24. Оқытудың күнтізбелік-тақырыптық жоспарын оқытушы жасайды және оны ҚББФ деканы бекітеді.

Тыңдаушылардың білім беру сұранысын ескере отырып, сондай-ақ университеттің қолда бар ресурстарын ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды түзетуге болады.

25. «Күміс университет» бағдарламаларын оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыға сертификат беріледі.

Бекітемін
 Басқарма мүшесі – «Академик
 Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
 университеті» КеАҚ стратегиялық
 даму жөніндегі проректоры
 _____ Жетписбаева Б.А.
 «_____» _____ 2023 ж.

**2023-2025 жылдарға арналған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы
 Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университет» бағдарламасын
 іске асыру жоспары**

№	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1. Нормативтік-ұйымдастырушылық жұмыс				
1.	«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ «Күміс университет» бағдарламасы туралы ережесін бекіту	«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ Басқармасының шешімі	Қазан 2023 жыл	ҚББФ деканы
2.	«Күміс университет» бағдарламасының кеңесін құру	Ректордың бұйрығы	Қазан 2023 жыл	Бағдарлама басшысы, ҚББФ деканы
3.	«Күміс университет» бағдарламасы бойынша оқуды аяқтау туралы сертификат бланкісін әзірлеу	Ректордың бұйрығы	Қазан 2023 жыл	ҚББФ деканы
4.	«Күміс университетінің» жергілікті атқарушы органдармен, серіктес ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету	Серіктестік туралы келісімдер	Тұрақты	Бағдарлама басшысы, ҚББФ деканы
5.	Мемлекеттік бюджеттен «Күміс университет» бағдарламасын қаржыландыру көздерін іздеу	Бағдарламаларды қаржыландыру көлемі	Тұрақты	Бағдарлама басшысы, ҚББФ деканы, қаржы департаментінің директоры
6.	«Күміс университет» тыңдаушыларының бағдарламаға қанағаттану мониторингі	Есеп	Жыл сайын	ҚББФ деканы, Сапа және тәуекелдерді бағалау департаментінің директоры
7.	«Күміс университетінің»	Есеп	Жыл сайын	ҚББФ деканы,

	қызметі туралы ҚРҒЖЖБМ-не есеп дайындау (жыл сайын)			Сапа және тәуекелдерді бағалау департаментінің директоры
2. Оқу-әдістемелік жұмыс				
8.	«Күміс университет» бағдарламасы аясында ересектерді оқыту мазмұнын анықтау	Курстар, семинарлар, ЖАОК тізбесі	Жыл сайын, ағымдағы оқу жылының қыркүйегі	Бағдарлама басшысы, факультет декандары
9.	«Күміс университетінде» ересектерді оқытудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу	Білім беру бағдарламалары	Оқу жылы ішінде	Бағдарлама басшысы, факультет декандары
10.	«Өмір бойы оқыту» білім беру парадигмасында жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу	ЖАОК	2023-2025 жылдар	Факультет декандары
11.	Ересектерді оқыту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша ҚР жоғары оқу орындарымен онлайн дөңгелек үстел ұйымдастыру	Ұсыныстар	2024 жылдың қарашасы	Бағдарлама басшысы, ҚББФ деканы
1. Ақпараттық жұмыс				
12.	«Күміс университет» бағдарламасының қызметі туралы хабардар ету	Ақпарат	2023-2025 жылдар	ҚББФ әдіскерлері
13.	«Күміс университет» бағдарламасын түсіндіре отырып буклет әзірлеу	Буклет	2024-2025 жылдар	ҚББФ әдіскерлері
14.	«Күміс университетінің» қызметі туралы халық арасында ақпараттық- түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Жұмыс материалдары	2024, 2025 жылдар	Бағдарлама басшысы, ҚББФ деканы

Өтініш үлгісі

Басқарма төрағасы—«Академик
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті» КеАҚ ректоры,
профессор Н.О. Дулатбековке

азамат (шадан) _____
(ТАӘА)

ЖСН _____, мекенжайы бойынша тұратын
_____.

Байланыс деректері:

E-mail: _____ WhatsApp: _____

Ө Т І Н І Ш

Мені «Күміс университет» бағдарламасының тыңдаушысы ретінде
курсқа/семинарға қабылдауыңызды сұраймын:

Оқыту тілі: _____

Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

Жынысы _____ Ұлты _____ Азаматтығы _____

Туған күні мен орны _____

Еңбек қызметінің мәртебесі (жұмыс
істеймін/зейнеткерлікте) _____

(қолы)

«__» _____ 202_ж.